


Кәкімбек САЛЫҚОВ

W
25483
АЗЫ ЖЕМКЕҢ



КОНТРОЛЬНЫЙ ЛИСТОК СРОКОВ ВОЗВРАТА

Книга должна быть возвращена не
позднее указанного здесь срока

Количество предыдущих выдач

28 / III 92 Сергеев

12/0

Кәкімбек САЛЫҚОВ

*А***ҚҚУ ЖЕТКЕН**
(*Әндер жинағы*)

М. Садықов

«*Ғылым*» Алматы
2002 *ЖЫЛЫ*»

84.5683
ББК-85.94я 438
С 18

САЛЫҚОВ Кәкімбек

С 18 Аққу жеткен – Алматы: “Үш Қиян”, 2002.
96-бет.

ISBN 9965-565-11-2

35483

ББК 85.94я 438

С 5201000000
00(05)–02

ISBN 9965-565-11-2

© Салықов К., 2002

Северо-Казхстанская
областная библиотека
им. С. Муканова
г. Петропавловск

ӘН ҚҰШАҒЫНДА ТУДЫМ


“Біздің ауылдың бұзауына шейін әнші” — дегенді талай естіп өстім. Атамекеніміз — Есілдегі “Еңбек” ауылы да, анамекенім “Үкілі Ыбырай ауылы” ән мен күйдің ордасы болатын. Қайда тудың? — дегенге: ән құшағында тудым — дер едім. Нұрғиса Тілендиев ағамыз: “Әуен біткеннің бәрі ән емес, әуендеткеннің бәрі әнші емес” дегеніндей шын ән мен нағыз әншіні ажырата білу де бойға ерте сіңді. Әкемнің немере ағасы, Үкілі Ыбырайдың төл шәкірті Молдақмет Тырбиев әрі халық ақыны, әрі үздік әнші еді. Біздерге есік, терезені жапқызып тастап, Үкілі Ыбырайдың әндерін үйреткен де сол кісі. Үкілі бабамыздың немересі, ақын, әнші Мұса — бөле ағам. Ол ападан мен сіңліден тудық. Домбыраға үйреткен сол ағам, жетілткен ұстазым деп Хамит Нұрмановты айтамын.

Қылы, қылы ойға шомылдырған толғанысты себептермен өлең шабыты ерте қонды. Тоғызыншы сыныпта жүргенде өлеңдерім газеттерде жариялана бастады. Анамның ақ сүтімен ере келген бұл өнер өмірлік жан серігім болып кетті. Өмірден ерте өткен ата — анамның маған берген еншісі де өлең шығар. Еліміздің 50-ден астам композиторлары менің өлеңдеріме 400-ден астам ән-өлеңдер тудырыпты. Жақсыкелді Сейілов әнін жазған “Жезкиігім” екеуміздің атағымызды паш етті.

Ән де менің кей өлеңдеріме ерте ұялады. Жолдастарым, достарым үйреніп алып, студент кезде айтып жүретін. “Қамсақты”, “Сарыарқа”, “Өзіңді сәулем сағындым”, “Аққу жеткен” секілді әндерім ел жүрегіне жетіп, жиі орындала бастағасын әннің де бетін қақпадым. Өз жүрегімнен туған ән-өлеңдердің таңдаулы дегендерін осы жинаққа кіргіздім. Халқымыздың ұлы өнеріне сәл ғана себім тисе, бақытты болар едім. Жинақты дайындап, шығаруға септескен інілерім Жамағат Темірғалиев пен Махмұт Қосмамбетовке алғыс айтамын.

Кәкімбек САЛЫҚОВ — ақын,
Қазақстан Республикасына
еңбегі сіңген қайраткер.





САРЫАРҚА

Әніме ұйып тына бер,
Төскейім, төрім нар алқа,
Құлагер жортқан құба бел,
Сүйемін сені, Сарыарқа

Қайырмасы:

Әніме ұйып тына бер,
Құмарың тарқап жан қалқа,
Сен туған жер, ғажап жер,
Сұлулар елі — Сарыарқа.

Қосылып, сәулем, тың ән сал,
Тындасын кербез нар алқа.
Ақан, Сәкен, Біржан сал,
Серілер елі — Сарыарқа.

Қайырмасы:

Бүгінгі дала гүлденіп,
Ән мен дән толған жаңа арқа.
Тың өлке болып түрленіп,
Өзгерген өңір Сарыарқа.

Дәулеті шексіз молшылық,
Сәулеті сұлу бай алқа.
Ғарышқа тура жол шығып.
Ғарышкер қонған Сарыарқа.

Қайырмасы:

Әніме ұйып тына бер.
Төскейім, төрім бар алқа.
Құлагер жортқан құба бел,
Сүйемін сені, Сарыарқа.

САРЫАРҚА

Еркін, шалқыта



Ө-ні-ме ұй -ып ты- на бер, Тес-ке-йім, төр-³ ім



нар ал- қа. Құ-ла- гер жорт- қан кү-ба бел,



Сұй- е- мін се- ні Са- (р)ыа- ар- қа. Құ-ла- гер



жорт-қан кү-ба бел, Сұй- е- мін се- ні Са- (р)ыа- ар- қа.


КЕЗДЕСУ МЕН ҚОШТАСУ

Қуансақ та есен деген хабардан,
Кездесуде, жүздесуде бар арман.
Тірліктегі тату-тәтті күндерін,
Кездесу мен қоштасудан жаралған.

Кездескенде қуанамыз бөріміз,
Қоштасарда қиналады жанымыз.
Кездесу мен қоштасудың арасын,
Жалғастырып жатады екен сағыныш.

Кездесуден қоштасулар қалмайды,
Кезектесіп ғұмырыңды жалғайды.
Кездесуді аңсамаған адамдар,
Бірін-бірі өмір бақи алдайды.

1970 ж.



КЕЗДЕСУ МЕН ҚОШТАСУ

Вальс експрессіне

Ку- ан- сак та е- сен де- ге- н ха- бар- дан,

8 Кез- де- су- де, жүз- де- су- де ба- (а)р- ман.

15 Тір- лік- те- гі та- ту - төт- ті күн- де- рің

22 Кез- де- су мен қош- та- су- дан жа- рал- ған.

29 Тір- лік- те- гі та- ту - төт- ті күн- де- рің,

36 Кез- де- су мен қош- та- су- дан жа- рал- ған.

КӨКШЕТАУ

Көкшетау өзге таудың тәубесіндей,
Қызығы құмартқан қыз әуресіндей.
Көлдегі Оқжетпестің суреті,
Сұлудың айнадағы сәулесіндей.

Бурабай тауды айналып жатқан екен,
Жұмбақтас суға белден батқан екен.
Ақбура шөлі қанып дөң асқанда,
Қай сотқар көзі қиып атқан екен.

Қос өркеш көшкен бұлтты өкшелейді,
Сал бойын сандықтастар дестелейді.
Сыры мол ел аралап, аңыз болған,
Қазағым еркелетіп “Көкше” дейді.

Аққу, қаз екеу-екеу ойнайды екен,
Нәзік жан махаббатқа тоймайды екен.
От құшақ күйдірсе де шер тарқамай,
Сақ қыран шүйілсе де қоймайды екен.

Ән десең “Тәккулеткен” әнші дайын,
Күй - десең “көкейкесті” күйші дайын.
Би десең біздің ауыл қыздарындай,
Бұрандап шыға келер биші қайың.

Айтқаным көргенімнен аспағандай,
Екі көз шыр айналар тостағандай.
Көгеріп көк белбеудей Есіл жатыр,
Көкшетау әу-дем жерге тастағандай.

Тау қорған - атам қазақ жалауы бар,
Тау көсем - “Абылай хан алаңы” бар.
Тау дана - Шоқан өскен баурайында,
Тау батыр - Мағжан айтқан Баяны бар.


Тау сері сексен көлі етегінде,
Барады сексен сұлу жетегінде.
Япырмай, соның бәрін қияр ма екем,
Соңыра көз жұмылып кетерінде.

1971 ж.

КӨКШЕТАУ

Жүрдек, кербезде





СЕРІ КҮНДЕР, ҚАЙДАСЫҢ?

Серік Айтмағамбетовке арнадым

Сағынышым жүрегінді жайласын,
Сандуғаш боп көкірегінде сайрасын.
Құрбылармен құлын-тайдай тебіскен,
Сайраны мол, сері күндер, қайдасың?

Зымырайды уақыт тыным ала алмай
Тебіренемін жан тыныштық таба алмай,
Тербетеді, тілдеседі домбыра,
Қайран жастық қайтып келер хабардай.

Жылдар жылжып бара жатыр әріге,
Артта қалды кешегінің бәрі де.
Маң бәйбіше жұбайларды қыздар деп,
Өзімізді жұбатамыз әлі де.

СЕРІ КҮНДЕР, ҚАЙДАСЫҢ?

Орташа, әңдете



ҚЫЗҒА ҚАЗ САУҒА

Бір көл бар Қылыш атты Көкшетауда
Үйрек қаз оқ шығынсыз түсер ауға.
Арқалап алты қазды оралғанда
Сұраушы ең сипай сөйлеп, үсер сауға.

Қызға қаз сауға,
Ойбай, бұл сауда.
Қалармын дауға,
Бермеймін...

Қаз атып апаң үшін терледің деп
Сен үшін мен де шие термедім деп,
Төрінде шілдеhana кездескенде
Сөгуші ең жолдан жора бермедің деп.

Қызға қаз сауға,
Ойбай, бұл сауда.
Қалармын дауға,
Бермеймін...

Қылышқа аққу, қаздар қона ма екен,
Сауғаға етек-жеңің тола ма екен.
Ұлым-ау, сен сараңдық жасай көрме,
Балалық қайта оралмас қонақ екен.

Қызға қаз сауға,
Онда жоқ сауда,
Қалмайсың дауға,
Бер деймін...

1973 ж.

ҚЫЗҒА ҚАЗ САУҒА

Ойнақы, жеңіл

Бір көл бар Қы-лып ат-ты Көк- ше- тау-да

Үй-рек қаз оқ шы- гын- сыз тү-сер ау- ға. Ар-қа-лап

ал-ты қаз-ды о- рал- ган-да Сү-раушы ен си- лай сөй-леп

ү- сер сау- ға. Қыз-ға қаз сау-ға Ой-бай бұл сау-да

Қа-лар- мын дау- ға - - Бер- мей- мін...



ҚАРАҒЫМ ҚАНДАЙСЫҢ?

Қарағым, қандайсың,
Не құрмет талғайсың?
Жадырап күлсең де,
Жалындап жанбайсың.

Жанымды баурайсың,
Жүректі жаулайсың.
Көлдегі көгілдір,
Аққудан аумайсың.

Бір қиян алдайсың,
Бір зиян арбайсың.
Үзілмес үмітгің,
Шырағын жалғайсың.

Құс болып сайрайсың,
Жұлдыз боп жайнайсың.
Жасымнан сүйсенде,
Қасымда қалмайсың.

Қарағым, қандайсың,
Не жауап арнайсың?
Жазығым бар ма еді,
Қалайша қарғайсың?!

1975 ж.

ҚАРАҒЫМ ҚАНДАЙСЫҢ?


Баяу, өңдете

Қа- ра- ғым, қан- дай- сын, Не құр- мет

тыл- ғай- сын, Жа- ды- рап күл- сең де,

Жа- лын- дап жан- бай- сын, Жа- ды- рап

күл- сең де, жа- лын- дап жан- бай- сын,



ҚАМСАҚТЫ

Ауылымның өзені алдымда,
Ол келді, әлде мен бардым ба?
Балалық базары аңсатты,
Жағанда қалдырған, Қамсақты.




Таусылмай айтар наз іңірден,
Ұсады-ау, апам - деп жүтірген.
Өзіндей қарайлап жан-жақты,
Жүтіріп барады Қамсақты.

Алғашқы кездескен кезімдей,
Жүректе жылт еткен сезімдей.
Сүйіскен толқындар тамсантаы,
Сыбырлап ағады Қамсақты.

Сен берген ақ түбіт бөкебай,
Секілді желбіреп өтеді Ай.
Сағындым, сағыныш шаршатты,
Жағаңа жетсемші, Қамсақты.

1976 ж.

ҚАМСАҚТЫ



Северо-Казakhstanская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

35483

ЖАСҚАНЫП ЖҮРМІН БАРУҒА*(Бауырым Мұса Асайыновқа)*

Қапылыс сөзге
Қиналдым сеніп қалуға.
Келді ғой хабар қайғыға шексіз салуға.
Көкшетауда
Жоқ дейді кербез бауырым,
Ауыл жаққа қиналып жүрмін баруға.

Сенгендей жаның
Қолдағы жалғыз қаруға,
Іздеуші ем аңсап, ағалап ақыл алуға.
Сексенкөлде
Жоқ - дейді сері бауырым,
Ауыл жаққа сескеніп жүрмін баруға.


Жан еді дархан,
Жаралған лаулап жануға,
Ән, жырдың асқақ, асылын сақтап қалуға.
Жалғызтауда
Жоқ - дейді жалғыз бауырым,
Ауыл жаққа жасқанып жүрмін баруға.

1976 ж.

ЖАСҚАНЫП ЖҮРМІН БАРУҒА

Баяу, өңдет

Ес-тіл-ді ха-бар Қай-ғы-ға те-рең са-(а)-лу-га,
 О-тыр-мын да-яр, От бо-лып, лау-лап жа-ну-га.
 Жал-ғыз-тау-да жоқ-дей-ді жал-ғыз бау-ы-рым,
 Ау-ыл жақ-қа жас-қа-нып жүр-мін ба-ру-рым,
 Ау-ыл жақ-қа жас-қа-нып жүр-мін ба-ру-га.
 Жал-ғыз-тау-да жоқ-дей-ді жал-ғыз бау-ы-рым,
 Ау-ыл жақ-қа жас-қа-нып жүр-мін ба-ру-га.



ӨЗІҢДІ, СӘУЛЕМ, САҒЫНДЫМ



(Мәриямға)

Өзгеден өзге
Оралып көзге
Табылдың.
Оқалы құндыз
Омырауға жұлдыз
Алтыннан алқа тағындың.
Көре алмай көптен,
Көркінді көркем,
Өзіңді, еркем, сағындым.

Ән келіп сонда
Домбыра қолда
Ағылдым.
Назды күй шалқып,
Наздана қалқып,
Ләззатқа зәузат табындым.
Еркелі дәурен
Елестеп әурең
Өзіңді, сәулем, сағындым.

Аңсатып басқа
Демеспін досқа
Жаңылдым.
Керексіп қақсап,
Өзгені аңсап,
Келмейді босқа сабылғым.
Ақ марал марқа,
Ақ бидай, арпа,
Өзіңді, қалқа, сағындым.

1976. ж



ӨЗІҢДІ, СӘУЛЕМ, САҒЫНДЫМ

Еркін, ырғақпен





АЛТЫ ЖАСАР АТТАСЫМНЫҢ ӨЛЕҢІ

Қыздар мені көріп қатты сасып жүр,
Ғашық болып ауыздарын ашып жүр.
Кімді таңдап аларымды біле алмай,
Осы күні миым қатты ашып жүр.

Қайырмасы:

Алты жасқа келгенде,
Болдым қатты шерменде.
Ұяламын көп қыздар,
Қыр соңымнан ергенде.

Айту қиын жақын, туыс, бауырға,
Оқу – деген түсті үлкен ауырға.
Біріншіге барасың - деп жүргені,
Жіберіпті он жыл білім алуға.

Қайырмасы:

Кісінейді қырда қоңыр күреңім,
Міне сала шапқым келіп күлемін.
Құдайым-ай, сөйтіп қашып кетпесем,
Қыздан шошып қатты соқты жүрегім.

Қайырмасы.

АЛТЫ ЖАСАР АТТАСЫМНЫҢ ӨЛЕҢІ

Орташа, ойнақы

Қыз-дар ме-ні кө-ріп қат-ты са-сып жүр,

Га-пық бо-лып ау-ыз-да-рын а-шып жүр. Кім-ді тан-дап

а-ла-рым-ды бі-ле(ал)-май, О-сы кү-ні ми-ым қат-ты

Қайырмасы:

а-шып жүр. Ал-ты жас-қа кел-ген-де, Бол-дым қат-ты

шер-мен-де. Ұя-ла-мып көп қыз-дар, Қыр со-ңым-нан ер-ген-де.

Ұя-ла-мын көп қыз-дар, Қыр со-ңым-нан ер-ген-де.

ҚАЙДАСЫҢ?

Қайдасың?..
Сағыныш толған ішім.
Ерекше қуанып ем,
Сендей дос болған үшін.
Отырмын тебіреніп, жан жайлауда,
Көкіректе көнбейді ән байлауға,
Домбыра жетектейді “Саржайлауға”.

Қайдасың,
Кешегі өнің қайда?
Ойлашы, естімесе,
Тіршілік жаңылмай ма?!
Көкіректе көнбейді ән байлауға.
Біздің ел құмар болды “Саржайлауға”.

Қайдасың,
Жүрегім лүпілдейді,
Ол қайтсын қалқам-ау.
Сағынып түтіп жейді.
Оралды асығыс таң жайлауға,
Көкіректе көнбейді ән байлауға,
Досым-ау, бір салсаңшы “Саржайлауға”.

1977 ж.

ҚАЙДАСЫҢ?

Баяу әндете ,

Қай- да сын... Са- ғы- ныш тол- ган і-

шім. Е- рек- ше қу- а- нып ым, сен- дей дос бол-ған ү-

шін. О- тыр- мын те- біре- ніп жан жай- лау-

да, Кө- кірек- те көн- бей- ді ән бай- лау-

ға, Дом -бы- ра жә- тек тей-

ді "Сар -жай- лау - ға". Дом -бы -ра

жәй -тек -тей- ді "Сар-жай -лау- ға".



АҚҚУ ЖЕТКЕН

Бар еді тату күндер аққуды өпкен,
Барады баурап үні “Гәккулеткен”.
Сарыарқа сырнайлатқан сәні келді,
Жыл құсы елге оралып былтыр кеткен.

Қайырмасы:

Аққу, қаздар саңқылдайды,
Көлде құстар ән тыңдайды
“Гәккулеткен”.

Осы екен ғой
біздің жаққа аққу жеткен.

Ғаламат көзге алыстан көрінгенің,
Айдынның жан саяхат төріндемін.
Махаббат қуанышқа шомылғанда,
Қарашы, ән нөсері төгілгенін.

Қайырмасы:

Қуансам бақытыма тап болардай,
Қиналдым ару құсқа ат қоя алмай.
Ей, қалқа! Таң мезгілде сырласайық,
Толқынға тербетіліп жатшы оянбай.

Қайырмасы.

1977 ж.

АҚҚУ ЖЕТКЕН

Тербете. Терең тебіреніспен

Бар е-лі та-ту кун-дер ақ-қу(ды) өп-кен,

Ба-ра-лы бау-рап ү-ні гөк-қу-лет-кен.

Са(ры)ар-қа сыр-най - кер-ней сө-ні кел-ді, Жыл құ-сы

жы-лы жақ-тан ақ-қу жет-кен. Қайырмасы: Қа-мыс, қо-ға

жар-қыл-дай-ды, Көл-де құс-тыр өн-тың-дай-ды, Гөк-қу-лет-

кен. О- (сы)е-кен го-й біз-дің қол-ға

ақ-қу жет-кен.

ТИМЕШІ

Тиме, бұлбұлға
еркімен сайрасын,
Тиме, жұлдызға -
ерекше жайнасын.
Тимеші, екі ішек үндесе,
Сағыныш толқыны байлансын.

Тиме, аққуға
үзбесін саңқылын,
Тиме қыранға
бұзбасын қарқынын.
Тимеші маған да тебіренсем,
Алсыншы аңсаған жан тыным.

Тиме, елікке,
жүрегі бекінсін,
Тиме, киікке
түлегі жетілсін.
Тимеші, маған да ән салсам,
Көкірегім бір дертін кетірсін.

1979 ж.

ТИМЕШІ

Баяу, өңдете

Ты- ме, бүл- бүл- га ер- кі- мен


6
сай- ра- сын, Ты- ме, жүл- дыз-

11
га -е- рек- пе жай- на- сын, Ты- ме- ші, е- кі- (і)шек

17
үн- дес- се, Са- ғы- ныш тол- қы- ны бай- лан-

22
сын. Ты- ме- ші, е- кі- (і)шек үн- дес-

26
се, Са- ғы- ныш тол- қы- ны бай- лан- сын.



АҚ БӨПЕМ

Біздің үйде кеше бір бала туды,
Шаңырағым көтерді жаңа Туды.
Кім? - десендер,
Айтайын, ақ бөпешім,
Ауыл, аймақ қуанар Дана туды.

Қайырмасы:

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бөпем, менің, ақ бөкен.
Өз балаңнан немерең,
Неге сонша тәтті екен?!

Әулетіме бір сәби бала келді,
Жаңа шаттық бастауын ала келді.
Ақ тотыдай
әндеткен кім? - десендер,
мың жылда бір туатын Дана келді.

Қайырмасы:

Алақайлап айылды жимай тұрмын,
Қуанғаннан жер, көкке симай тұрмын
Ата - деген жақсы ғой
бәйбішемді,
“Әже” – деуге, шіркін-ай, қимай тұрмын.

Қайырмасы.

20.07.1982.

АҚ БӨПЕМ

Еркін, өңдете

Біз- дің- үй- де- ке- ше- бір- ба- ла- ту-
 ды, Ша- ны- ра- ғым- кө- тер- ді- жа- на- ту-
 ды. Кім?- де- сен- дер, Ая- тай- ын, ақ бө- пе-
 шім, Ау- ыл, ая- мақ- қу- -а- нар- Да- на- ту
 Қайырмасы:
 -ды. . Әл- ді, әл- ді, ақ бө- пем, Ақ бө- пем,
 ме- нің, ақ бө- кен. Өз ба- лаң- нан- не- ме- рең,
 не- ге сон- ша төт- ті(е)- кен? Өз ба- лаң- нан- не- ме- рең,
 не- ге сон- ша төт- ті(е)- кен?!



ОРАЛҒА

Қыздай жас құрдасым - деп дәріптедім,
Жасыңды білмегенім анық менің.
Отыздың ортасында тұра тұрмай,
Қырыққа сен де келіп қалып па едің?

Қайырмасы:

Ой-хой, жалған-ай,
Ай-хай арман-ай,
Кеше ғана айрылмастай көрінген,
Жастық шақтың тым алыста қалғаны-ай.

Жігіт жоқ бұл жалғанда қылмас жорық,
Мақтанып отыр -деме тым мас болып.
Отызда қырындауға сәт түспеді,
Қырықта өтейікші құрдас болып.

Қайырмасы:

Адамдар дос табады силас жерден,
Жақсы ғой сыйласқаны қимас пендең.
Алдымнан сексен сұлу өтседағы,
Жігітпін жер бетінде құрдас терген.

Қайырмасы:

Сезбесем жаз өткенін күзге дейін,
Япырмай, сені неге қыз - демейін.
Ар жағын құдай өзі бере жатар,
Өтейік құрдас болып жүзге дейін.

Қайырмасы.

1992 ж.

ОРАЛҒА

Кербез, көңіллі



Қайырмасы:





СЕРІЛІКТІҢ АТАСЫ

Ұқсаған тұлпарға да, сұңқарға да,
Болғаны қандай жақсы атаң дана.
“Бір сырлы сегіз қырлы” бар қазақта,
Атасы серіліктің Ақан ғана.

Сұлу саз, асыл жырдың аққан селі,
Кемеңгер өншіліктің ақтаңгері.
Саятшы, бапкер, ұстаз, ел ағасы,
Жан досы Құлагердің — Ақан Сері.

Жын емес, пері де емес тақсыр күлген,
Тозған ел дүлдүлі еді бапсыз жүрген.
Атағы хан-төреден асып шыққан,
Сарыарқа патшасы еді тақсыз жүрген.

Аспанда шарықтаса “Қара торғай”,
Сырымбет сырласады дара толғай.
Дүниеден Құлагермен Ақан өтіп,
Қызыққа қалды біздің дала толмай.

СЕРЛІКТІҢ АТАСЫ





ЖЕТПІС ҰЛДЫҢ ПАНАСЫ

Сарыағашқа жұмақ орнап жатқандай,
Күн өзгеше туды бүгін ақ маңдай.
Жетпіс ұлдың сүндет тойы жайнады,
Жетпіс ана жетпіс шырақ жаққандай.

Қайырмасы:

Жетпіс бала анасы,
Жетпіс перзент панасы.
Саған алғыс айтып өтер Оразгүл,
Жер бетінде жетпіс қазақ баласы.

Шаттық қонды жетпіс балғын қабакқа,
Дәл осындай той болған жоқ қазақта.
Жетпіс тентек, жалғыз күнде қосылды,
Жер жүзілік мұсылмандық санатқа.

Қайырмасы:

Басылғандай жердің жетпіс кесірі,
Ашылғандай жетпіс сарай есігі.
Әулиедей тарап кетті аймаққа,
Оразгүлдей Әкім-Зада есімі.


Қайырмасы.

1992 ж.

ЖЕТПІС ҰЛДЫҢ ПАНАСЫ

Базасалды, өдеңдете





САУМАЛКӨЛ
(*Бәйкен Әшімовке*)

Саумалкөл айналайын келбетіңнен,
Сендей көл көрмей келем жер бетінен.
Шомылсам көк толқынға құндақталып,
Жатқандай сәби болып тербетілем.

Алыстан бір көруге асыққаным,
Барады асыққаннан тасып қаным.
Қайтадан бозбала боп кетейінші,
Кездессе, бала күнгі ғашықтарым.

Саумалкөл көңіл толқып сырласқаным,
Жол тосып жүрген шығар құрдастарым.
Жағанда жастық шақтың ізі жайнап,
Төгілер айтылмаған жыр-дастаным.

Белгілі шаттығыммен саған қайғым,
Сағыныш салған дертті баяндаймын.
Күлімдеп айдынына ай қонғанда,
Қаракөз жарқ етер деп алаңдаймын.

1993 ж.

САУМАЛКӨЛ

Орта екпінде, қалқыта, тербете





КЕМ КӨРМЕЙМІЗ ТІРІДЕН
(*Жәнібек Кәрменовке*)

Жәнібек шартарапқа қанат жайып,
Құлақта үнің қалды ерен ғайып.
Шарықтап, аспандатқан қанат талмай,
Шалқыдық әсем, сұлу әнге байып.

Қайырмасы:

Манарбектей нұрлы етіп,
Жүнісбектей түрлентіп.
Кемпірбайдай күңіrentіп,
Әсет салтын құрып ең.
Сенің асыл бейнеңді
Кем көрмейміз тіріден.

Асқақ ән қалықтаса ұзап барып,
Елтуші ек, көңіл есіп, қуат дарып.
Тік шырқап, жарқ еттің де өте шықтың
Тал түсте аққан жұлдыз сияқтанып.

Қайырмасы:

Аққу, қаз саңқыл қағып сахарадан,
Үніңді үзбей сақтар Отан-анан.
Ұйқыдан Ақан Сері аунап түсіп,
Шөкәрім мың алғысын айтар саған.

Қайырмасы:

Өзің бе, домбыраң ба, елесің бе,
Келесің тойлы кеште кеңесуге.
Қазақтың арқалы әнін ардақтаған
Есімің қалды мәңгі ел есінде.

Қайырмасы.

1994 ж.



КЕМ КӨРМЕЙМІЗ ТІРДЕН

Асықпай, еркін, төбіренте



БІРЛІК ТУЫ – БИ-АҒА

Бел, белестен белгі тастап Бейімбет,
Шоқ жұлдыздан қалған жоқсың кейіндеп.
Қай ауылда тусандағы байтақ ел,
Жан-жүрегін тосар саған бейімдеп.

Қайырмасы:

Сәкен ұшқан ғарышта,
Лияс озған жарыста.
Мағжан жеткен қияда,
Сен де жүрсің Би-аға.

Кер заманның өткерсең көп азабын,
Туды бүгін Би-аға - деп ғажап үн.
Мәңгі бақи сені ардақтап өтеді,
Жер бетінде есен болса қазағың.

Қайырмасы:

Сырт айналса, ауыр күнде дос талай,
Қостамады өзің туған Қостанай.
Ұмытқан жоқ Сәбит, Ғабит - ағалар,
Нар тұлға деп сыйлап, естен тастамай.

Қайырмасы.

1994 ж.

БІРЛІК ТУЫ – БИ-АҒА

Орташа, терең сезіммен



Қайырмасы:





ҚОРҚАМЫН

Ел тонағыш есерлерден қорқамын,
Шен сайратқан шешендерден қорқамын.
Ойдан-қырдан ойран салған төріме,
Қара ниет кеселдерден қорқамын.

Жаным сүймес жұмбақ сөздің жортағын,
Екі көзім сүрінгенді қортамын.
Бүкіл қазақ болмасын - деп осындай,
Көшедегі қайыршыдан қорқамын.

Тасадағы басты есерден қорқамын,
Жол торыған бас кесерден қорқамын.
Заты қазақ зөре-құтын қашырған,
Сайқымазақ даңғазадан қорқамын.

Қараң қалған аландардан қорқамын,
Құлқы тоймас сараңдардан қорқамын.
Дос боп жүріп, қас боп кеткен қасымда,
Арам пиғыл жамандардан қорқамын.

Пайда сайлап түрленгеннен қорқамын,
Тайраландап жүргендерден қорқамын.
Асыл арман дербестігім жасқантып,
Күле кіріп күңіренгеннен қорқамын.

Болжамаған ауыр жолдың сортаңын,
Жолықпасын қайран елге сор қалың.
Шырылдаған бар шындықты айтпауға,
Абай ата әруағынан қорқамын.

ҚОРҚАМЫН

Орташа, ойнақы

Ел то- на- ғыш е- сер-лер- ден қор- қа- мын,

Шен сай-рат- қан ше- пен- дер- ден қор- қа- мын.

Ой- дан - қыр- дан ой- ран сал- ған е- лі- ме,

Қа- ра ки- ет ке- сел- дер- ден қор- қа- мын.

Ой- дан қыр- дан ой- ран сал- ған е- лі- ме,

Қа- ра ки- ет ке- сел- дер- ден қор- қа- мын.



НАҒИМА

“Нақыш” - дейді ағамыз Нағимасын,
Тапқыш келер асылдың бабын асыл.
“Нәке” - деп те кей-кейде еркелетер,
Тап қасында жүрсе де сағынғасын.

Қайырмасы:

Әр бір аттың мәні бар,
Әр бір аттың өні бар.
“Нәкіш”, “Нақыш”, “Нәкентай”,
“Нәкежаны” тағы бар.
Аға сөзі - қағида,
Соның бәрі - Нағима,
Нағима, Нағима.

Атын талай түрлентіп көріктеген,
Сондай болсын жар силар серік - деген.
Біздің ағай сұңғақты сау қайындай,
Сылап, сипап, жеңешем беріктеген.

Таң атысы қысқа күн батысына,
Ат қойғыш-ау, ағамыз “Нақышына”.
Жеңешем де сыйға сый жасағандай,
Бір айтқан жоқ шалсың - деп ақысына.

НАҒИМА



КЕРБЕЗ КӨКШЕ

Сал Көкше, ерке Көкше, сері Көкше,
Жер-Ана жаратыпты сені ерекше.
Көз арбап, көк мұнардың арасында,
Ақбура Айға ұмтылған қалады есте.

Қайырмасы:

Көгілдір орман - көркем жер,
Абылай қонған - сеңсең бел.
“Тәккулеткен”,
“Аққу жеткен” ,
Кербез Көкше, сексен көл.

Құлагер бой жазғандай бел, белесте,
Қиядан бөлеп қойдың нұрлы елеске:
Біржан Сал, Ақан Сері, Үкілі Ыбырай,
Әндетіп қарсы алғандай “Оқжетпесте”

Қайырмасы:

Сексен көл Көкшетауды сырнайлаған,
Секілді сексен сұлу күй байлаған
Ақ балтыр ақ қайыңдар билегенде,
“Қош” - деуге аттанарда қимайды адам.

Қайырмасы.

1997 ж.

КЕРБЕЗ КӨКШЕ

Еркін

Сал Көк- ше, кер- без Көк- ше, се- рі Көк-
 ше, Жер А- на жа- ра- тып- т(ы)- ау се- п(і)е- рек-
 шес- ау. Көз ар- бап көк мү- нар- дың
 а- ра- сын- да, Ақ- бу- ра Ай-ға(үм)-тыл- ғап
 қа- ла- д(ы)ес- те, ау. Қайырмасы: Кө-гіл- дір ор- мап -
 көр- кем жер, А-бы- лад қон- ға- (в)н -
 сен- сен бел "Төк-ку- лет- кен" "Ақ- ку жет-
 кен" Кер- без Көк- ше, сек- сен көл.

КӨКІРЕК ЖАРҒАН

Көкшетау төбең биік мұнар ма еді,
Қайғы, шер екеуімізге құмар ма еді.
Сұм жалған қайта-қайта сынатпаса,
Мұң шалған ән көңілге тұнар ма еді.

Қайырмасы:

Беу, беу арман,
Дүние жалған.
Естілді елдің дауысы,
Көкірек жарған.

Жабылды жазықсызға пәле қандай,
Қимайсың өлді деуге сана бармай.
Қиядан ақын Мағжан елестейді,
Атылған Ақбураға қарағандай.

Қайырмасы:

Мекені Біржан Салдай қыран-ердің,
Ішіңнен қасірет жұтып тына бердің.
Жасымнан оза шығып соққы көрген,
Өзім де біреуімін Құлагердің.

Қайырмасы.

1997 ж.

КӨКІРЕК ЖАРҒАН

Еркін, екпіндете

Көк- ше-тәу тө- бең би- ік мү- нәр ма(с)-
ді, Қай- ғы, шер с- кеу- міз- ге кү- мар ма(с)-ді
кү- мар- ма(с)-ді ай. Сұм жал- ған қай- та, қай- та
сы- нат- па- са, Мұң шал- ған ән кө-
піл- ге- е тү- нәр- ма(с)- ді ай. Қайырмасы:
Беу, беу ар-
маң, Дү-ни- е жал- ған. Ес-тіл-ді ел- дің
дауы-сы, - Көк-ірек жар- ған ай. Ес-тіл-ді ел- дің
дауы- сы, Көк-ірек жар- ған ай.

ШӘКІРГЕ

*(Досым Шәкір Әлиевтің 70 жасқа
толуына арнадым)*

Жетпіске Шәкір жылдам келіп қалдың,
Егделік есік төрін көріп қалдым.
Алпысты алшаң басып жүре тұрмай,
Жетпіске қалай ғана көніп қалдың.

Қайырмасы:

Ах-ау, арман
Дүние жалған.
Жастық шақ - Жезкиігім,
Қайда қалған.
Білдік шаба желуді
Көктен жұлдыз теруді
Көксетпейді жиырма бес
Сағынамыз елуді.

Біз емес жалт бұрылып шегіншектер,
Жетпістің қайда апарар жерін тексер.
Жетпіске Шәкір жетті деген сөзге,
Қамығып қалған шығар келіншектер.

Қайырмасы:

Жүруші ек бірге оқыған бала болып,
Бұл жетпіс салды саған дара жорық.
Дәуірдің тәуірі өтті ауырына,
Жетермін мен де ертең ара қонып.

Қайырмасы.

30.05.1999ж. Алматы

ШӘКІРГЕ

Толғана
mf

Жет- піс- ке Шө- кір жыл- дам ке- ліп

қал- ды, Ег- де- лік е- сік

тө- ріп кө- ріп қал- дым. Ал- пыс-

ты ал- шаң ба- сып жү- ре тү- май-

ай, Кү- дая- шаң ша- қыр ған- дай

с- рік(ті) ал- дың. А-

қау, ар- мал, Дү- ни- с жал- ған.

Жас- тық шақ - Жез ки- і- гім Қай- да қал- ған.

ЕСІЛГЕ ҚОНҒАН АҚҚУЛАР

Есілге қонды аққу, қаз,
Ақ қанат сылқым сусылдап.
Жағада тұрып болдым мәз,
Аңсаған әннен сусындап.

Қайырмасы:

Айдынның беті жайнады,
Естіліп ерке саңқылдар.
Жүрекке жалау байлады,
Есілге қонған аққулар.

Қызығып асау Есілге,
Аз емес ойға түйгенім.
Есімде ауыл кешінде,
Бетіңнен алғаш сүйгенім.

Қайырмасы:

Қарағай, қайың желпінді,
Құстарға қарап анталап.
Биледі менің еркімді,
Жер, көкке қонған махаббат.

Қайырмасы:

Ән туды еркін төгіліп,
Тулады жүрек бір демде.
Ажарың кетті көрініп,
Аққуды аққу сүйгенде.

Қайырмасы.

24.04.2000ж. Қызылжар

ЕСІЛГЕ ҚОНҒАН АҚҚУЛАР

Бақу, өңдеті

Е- сіл- ге қон- ған ақ- қу, қаз,

Ақ қа- нат сұл-қым су- сұл- дап. Жа- га- да тү- рып

бол- дым мез, са- ғын ған- өн- нен су- сын-

Қайырмасы:

дап. Ай- дын- ның бе- ті жай- на- ды,

Ес- ті- ліп ер- ке саң- қыл- дар.

Жү-рек- ке жа- лау бай- ла- ды, Е- сіл- ге

қон- ған ақ- қу- лар. Ақ- қу- лар...

Ақ.. қу- лар... Ақ- қу- лар.

КҮЙ ТАРТАМЫН

Күй тартамын таңертең,
 Тыңдай қалшы, жан еркем!
 Толқып, толқып құшағыңа қайтамын.
 Күй тартамын іңірде,
 Күйді жаным бүгін де
 Көргенімді саған ғана айтамын.

Қайырмасы:

Таңертең...
 Жан еркем,
 Саған ғана айтамын.

Күй тартамын түсімде,
 Жанған оттың ішінде
 Алаулаған ақ жалынға шырмалған.
 Күй тартамын кештетіп,
 Күйді көкірек ес кетіп,
 Қайда ғана бара жатыр сұм жалған.

Қайырмасы:

Күй тартамын оңаша,
 Қалың тұман ораса,
 Ауылдардың абайладым тозғанын.
 Күй тартамын өрімтал,
 Күйді жүрек сезімтал,
 Ойран салған қайдағыны қозғадым.

Қайырмасы:

Күй тартамын ертемен,
 Тарқамады шер, шемен,
 Қырда көрдім құлқыны тар түлкіні.
 Күй тартамын, қанша күн
 Тарта, тарта шаршадым,
 Қоңыр күмбір бұзып кетті ұйқыны.

Қайырмасы.

25.05.2000

КҮЙ ТАРТАМЫН

Орташа, наздана

Күй тар-та-мын таң-³ер-тен, Тың-дай қал-⁴шы

³жан ер-кем Тол-қып, тол-қып құ-³ша-³ғым-на қай-та-мын. Күй-тар-

та-ным і-ңір-³де, Күй-ді жа-ным бү-³гін де

Қайырмасы:

Көр-ге-нім-ді са-ған га-на ай-та-мын. Таң-³ер-тен...

Қайталау үшін Аяқтау үшін

³жан ер-кем, ²Са-ған га-на ай-та-мын. мын.

АҚҚУ ӘНІ

Жылжиды аққу айдында,
жылжымайды,
Мұңаяды ол, неге тұнжырайды?
Сыңсып салған әніне тебіреніп
Қамыс басы қамығып, су жылайды.
Су жылайды, тұнжырайды
Жылжиды аққу айдында,
Жылжымайды.

Қалқиды аққу айдында, қалқымайды
Баяғыдай бой жазып шалқымайды.
Сыңарынан айрылып қалған күні
Бұл өмірдің қызығы жартылайды.
Жартылайды, шалқымайды,
Қалқиды аққу айдында,
қалқымайды.

Сырғиды аққу айдында,
сырғымайды,
Жақын барып, хал-жайын кім сұрайды.
Қатар жүрген күндерді сыйлайықшы,
Біреу ерте, біреу кеш бір құлайды.
Бір құлайды, кім сұрайды,
Сырғиды аққу айдында,
Сырғымайды...

1971 ж.

АҚҚУ ӨНІ

Бияу, өңдеті

Жыл-жылды ақ- ку ай-дын- да, жыл-жы- май-
 ды, Мү-на- я- ды ол не- ге
 түн- жы- рай- ды. Сың-сып сал- ған ө- ні-
 не те- бі-ре- ніп Қа-мыс ба- сы
 қа- мы- ғып, су жы- лай- ды. Су жы- лай-
 ды, түн- жы- рай- ды Жыл-жы(ды) ақ-
 ку ай- дын- да, Жыл-жы-май- ды. Жыл-жы(ды) ақ-
 ку ай- дын- да, Жыл-жы- май- ды.

АҚ ҚАЙЫҢ

Көрсемдағы, ақ қайың,
Алатаудың баурында,
Тұрғандайсың әрдайым,
Біздің ауыл маңында.

Қарағайлы жас орман,
Қоюлана қалыпты.
Алтын шұғыла тек саған,
Төккендей бар жарықты.

Өткен сайын қасыңнан
Көз алмастан қараймын.
Бірге өскен жасымнан
Ауылдасқа балаймын.

Көңіл шетін ақтарып,
Кейде есіңе аларсың.
Мен кеткенде аттанып,
Қимай қарап қаларсың.

1954 ж.

АҚ ҚАЙЫҢ

Орташа, тербелге

Кор-сем- да- ғы ақ қай- ың, А- ла- тау- дың бау-рын-

да Түр-ған-дай- сын өр- дай- ы- ы- ы- м,

Біз-дің ау- ыл ма- ңы-нда Түр-ған-дай- сын өр- дай ы-

ы- ы- м, Біз-дің ау- ыл ма-ңы- да.



САҒЫНДЫМ

Бір ата, бір ана баулаған,
Өзім ең, көзім ең аумаған,
Сен барда ойлап па ем, бауырым,
Жел жақтан келер деп жау маған.

Көңілден кетпей бір
Көз жасым кеппей жүр.
Дүниеде еш адам
Өзіңе жетпей жүр,
Сағындым, сағындым, сағындым.

Қайғыдан жүрегі жарылды,
Жан анам өзінді сағынды.
Қай күні қай жігіт әкетер
Артында жас қалған жарынды.

Көңілден кетпей бір,
Көз жасым кеппей жүр.
Дүниеде еш адам
Өзіңе жетпей жүр.
Сағындым, сағындым, сағындым.

САҒЫНДЫМ

Орташа, сезіммен

Бір а-та, бір а-на бау-лы-ған, Ө-зім ең, кө-зім ең
 ау-ыа-ған, Сен бар-да ой-лап(па)ем, бау-ы-рым,
 Жел жақ-тан кс-лер деп жау ма-ған. Кө-ңіл-деп
 кет-пей бір Көз жа-сым кеп-пей жүр. Дү-ние-де
 еш а-дам Ө-зі-не жет-пей жүр, Са-ғын-дым,
 са-ғын-дым, са-ғын-дым. Кө-ңіл-ден кет-пей бір,
 Көз жа-сым кеп-пей жүр, Дү-ние-де еш а-дам Ө-зі-не
 жет-пей жүр. Са-ғын-дым, са-ғын-дым, са-ғын-дым.



ОСЫНАУ ӘНГЕ САЛҒАЙСЫҢ

Жол түспей бізге жалғанда,
Жан-жаққа кеттік арманда.
Осынау әнге салғайсың,
Есіңе мені алғанда.

Елестеп көрсең алданба,
Кездесу күтіп қамданба.
Осынау әнге салғайсың,
Жадында жалғыз қалғанда.

Өртеніп, лаулап жанғанда,
Сарғайып, дерттен талғанда.
Осынау әнге салғайсың,
Көзіңнен маржан тамғанда.

Барамыз ұзап әр маңға,
Тағдырға қатал таңданба.
Осынау әнге салғайсың,
Сағыныш жүрек жарғанда.

1990 ж.

ОСЫНАУ ӘНГЕ САЛҒАЙСЫҢ

Балу, өңдеті

Жол түс-пей біз-ге жыл-ған-да,


Жан-жақ-қа кет-тік ар-ман-да.

О-сы-нау өн-ге са-(а)л-ғай-сың, Е-сі-ңе

ме-ні ал-ған-да. О-сы-нау

өн-ге са-(а)л-ғай-сың,

Е-сі-ңе ме-ні ал-ған-да.



ОРЫНБЕККЕ

Орынбек, келіп қалдық алпыс жасқа,
Егделік әкеліпті салтын басқа.
Хал, жайды бәйбішелер біледі ғой,
Не дерміз көңіл кеткен қарындасқа.

Жасымнан тату өскен егіз бе едік,
Беу, достым, мұның қалай? - дегізбедің.
Елудің кең жайлауын тастап шығып,
Алпыстың ақ боранын неге іздедің?!

Жастық шақ өте шықса қарамай да,
Табарсың өкініштен шала пайда.
Нарыққа қарық болмай жүргенінде,
Аңсайтын жас тоқалды шама қайда?

Әйтеуір қартайдым - деп асықпағын,
Тоқтатып, кісен салар уақытқа кім?
Тіршілік әр мезетін ардақтайық,
Көерміз әлі талай ғашық таңын.

1993 ж.

ОРЫНБЕККЕ

Еркін, ойнақы

О-рын-бек, ке-ліп қал-дық ей ал-пыс жас-қа, ал-пыс жас-қа,

Ег-де-лі-к ә-ке-ліл-ті е-ей сал-тын бас-қа, Хал, жай-ды

бәй бі-ше-лер-оу бі-ле-ді гой, Не дер-міз кө-ні-лі кет-кен қа-рын-дас-қа.

а-а о-о о-о-й-о Ха-лө-лө-лө лйя лйя лйя-лйя лйя-лйя лө-лйя ай-ай ари-да-а-а дай-дай-оу-и.



ЕКЕУМІЗДЕН КІМ ТАТУ?

Қуалай соққан жел жаман,
Өсекке ерген ер жаман.
Қатар жүріп өштескен,
Құрбы, құрдас тең жаман.

Қайырмасы:

Тату да тату, шын тату
Екеуімізден кім тату.
Қиялымсың, түсімсің,
Қолыма қонған құсымсың.

Аққу, қаз қонбас көл жетім,
Ақ бөкен жортпас шөл жетім.
Сенсіз жерде мен жетім,
Менсіз жерде сен жетім.

Қайырмасы:

Махаббат біздің бастайды,
Құбылып ірге ашпайды,
Жер, жаһанда еш сұлу,
Бір өзіңнен аспайды.


Қайырмасы:

2002 ж.

ЕКЕҮМІЗДЕН КІМ ТАТУ?

Орташа, шабыттана





ҚАҚПАҚЫЛ

Ей, қалқа, шай құйып бер қаймақпенен,
Күй тартып, әсем өлең арнап берем.
Сауықшыл сәтті жайлап отырғанда
Еш адам әкете алмас байлап сенен.

Шәйіңнің күй сары алтын қоюлауын,
Сеземін бүгін қызық тойым барын.
Ғұмырды қызық көрем осындаймен,
Тығылды көмекейге ойымдағым.

Көңілдің көк дөнені желетұғын,
Шабыттың көктұйғыны келетұғын.
Әніме мен қосайын тілегімді,
Жүрегің жүрегіме еретұғын.

18.03.2002.

ҚАҚПАҚЫЛ

Жеңіл ойнақы

Ей, қал- қа, шай күй- ып бер қай-мақ- пе- неп,

Күй тар- тыл, ө- сом ө- лең ар- нап бе- рем. Сау- ық-

шыл сөт- ті жай-лап о- тыр-ған- да- а, Еш а- дам


ә- ке- те(ал)-мас бай- лап се- нен. Еш а- дам

Қайталау үшін

Соңы

1 2

ә- ке- те(ал)- мас бай- лап се-нен. нен.



ҮКІЛІ ЫБЫРАЙ ҚАЙДА ЖАТЫР ЕКЕН?

Арнамас жан азасын ойым бекер,
Бір күнде ас пен бірге тойым да өтер.
“Тәккумен” жер шарына аты шыққан,
Үкілі Ыбырай қайда қойылды екен?

Елендеп Жалғызтаудай кербез мекен,
Келер деп, болды күндер сенген бекер.
Құс салып, Сексен көлді дабылдатқан,
Үкілі Ыбрай қайда жерленді екен?

Ардақтап атамаймын атын бекер,
Жетпісте жолбарыстай батыл екен.
Атылған ел қырылған аштықты айтып,
Үкілі Ыбрай қайда жатыр екен?


12.02.2002 ж

ҮКЛІ ЫБЫРАЙ ҚАЙДА ЖАТЫР ЕКЕН?

Орташа, байсалды



Ар-на-мас жан а-за-сын ой-ым бе-кер, Бір күн-де ас пен бір-ге
 той-ым да о-тер. "Гөк-ку-мен" жер ша-ры-на а-ты шық-қан, Ү-кі
 лі Ы-бырай қай-да қой-ыл-ды(е)-кен? Ү-кі-лі Ы-брай қай-да
 қой-ыл-ды(е)-кен? Ү-кі-лі ба-бам қай-да қой-ыл-е-кен?



МАХАББАТ КІМДЕРДІ СЫНАМАС

Махаббат кімдерді сынамас,
Достан да ақыл жөн сұрамас.
Қоштасып біз кеттік жан-жаққа,
Қос шектей бір өуен құрамас.

Адасқан адамдай еркінен,
Сарғайып сағыныш дертінен,
Жүрмісің жасқанып, амалсыз,
Ғашықтық шарпыған өртінен.

Бейкүнә жүрегің жаңылсын,
Біреу кеп жалынсын, табынсын.
Ойлашы өмірде тап мендей
Сүйер жан қалайша табылсын?

Өзгерсе тағдырдың жұмағы,
Өкініш көкірекке тұнады.
Сұм ажал жеткенше басылмас,
Алғашқы махаббат сынағы.

1962 ж.

МАХАББАТ КІМДЕРДІ СЫНАМАС

Балу, өңдеті

Ма-хаб-бат кім-дер-ді сы-на-мас, Дос-тан да

а-қыл жөн сү-ра-мас. Қош-та-сып біз кет-тік

жа-н - жақ-қа, Қос ішек-тей бір өу-ен кү-ра-

мас. Қош-та-сып біз кет-тік жан - жақ-

қа, Қос ішек-тей бір өу-ен кү-ра-мас.



ҚАЙРАТҚА

Атыңа сай келетін Қайрат деген,
Сұлу саз қанатында самғап келем,
Біржан Сал, Ақан Сері, Үкілі Ыбрай,
Сөлемін даналардың арнап келем.

Жаңарқа, Сөкен елі түлегісің,
Жасай бер барша қазақ тілегі үшін.
Бір шетін асқақ әнмен ұстап тұрған,
Сарыарқа аспанының тірегісің.

Дүлдүлдер жалғап талай үздік әнін,
Даусыңның болды Алашқа ізі мәлім.
Бес жүз ән сен салатын арасынан,
Төгілтші Үкілі бабам қызық әнін.

4.06.2000.

ҚАЙРАТҚА

Еркін, термелете

А-ты-ңа сай ке-ле-тін Қай-рат де-ген,

Сү-лу саз қа-на-тын-да сам-рап ке-лем, е Бір-жан Сал,

А-хан Се-рі Ү-кі-лі Ы-бы-рай, Се-ле-мін

да-на-лар-дың ар-нап ке-лем. Ар-нап ке-ле-

ем. А-хау, ха-лө лы-лы лы-лы-ляй, А-хау, ха-лө-лө-лө лы-лө

лы-лө-лөй лыл-лар лө-лө лы-лө лыл-лар лө-лө лы-лө

лы-лө-лөй. Беу лы-лө-лө-лөу лө-лө лөлу-лы-лө лей а.



ЖАДЫМДА ЖАТҚАН БІР ЖЫР БАР

Жадымда жатқан бір жыр бар,
Жаза алмай жүрмін, қайтейін.
Жаныма батқан бір зіл бар,
Оңалмай жүрмін қайтейін.
Сағыныш атты сағым бар,
Өкініш атты ағын бар.
Кей-кейде дүние тек сен боп
Кететін ауыр шағым бар.

Жадымда жатқан бір сыр бар,
Жалықпай жаным жаттаған.
Сәт туса, сәулем, бір тындар,
Армансыз бәрін ақтарам.
Сағыныш атты сезім бар,
Айта алмай кеткен сөзім бар.
Кей-кейде дүние тек сен боп
Кететін ауыр кезім бар.

ЖАДЫМДА ЖАТҚАН БІР ЖЫР БАР

Баяу, өңдеті

Жа-дым-да жат-қан бір жыр бар, Жа-за-(ал)-май

жүр-мін, қай-тей-ін. Жа-ны-ма бат-қан

бір зіл бар, О-ңал-май жүр-мін

қай-тей-ін. Са-ғы-нымш ат-ты са-ғым

бар, Ө-кі-ніш ат-ты а-ғым бар.

Кей-кей-де дү-ние тек сен боп,

Ке-те-тін ау-ыр ша-ғым бар. е-



ТҮН ОРТАСЫ АУҒАНДА

Сөзі Қасым Аманжоловтікі

Түн ортасы ауғанда
Отырсың, жігіт, нені ойлап?
Кімнің атын жазасың,
Қайта, қайта шимайлап?

Махаббаттың бұлбұлы,
Жүр ғой сенен алыстап.
Ол естімес үнінді,
Шақырсаң қайта дауыстап.

Кетті ғой ол қайырылмай,
Жат жүрекке не амал?!
Ұйықта достым, қайғырмай,
Түсінде көр де ләззат ал!

1958 ж.

ТҮН ОРТАСЫ АУҒАНДА

Орташа, салмақты, ойлы



ОЯНШЫ, ДОСЫМ, ҰЙҚЫҢНАН
(Мұқан Төлебаевқа)

Сөзі Сырбай Мәуленовтікі

Қабағы таудың қатулы,
Қапсағай қалың бұлт төніп.
Ұзатып жолға ақырғы,
Алматы саған шықты еріп.

Қайырмасы:

Көктемнің келді өзіңнің,
Сызылтып тағы сиқырлы өн.
Көктемдей еді сезімін,
Ояншы, досым,
Ояншы, досым,
Ояншы, досым, ұйқыңнан.

Тоқташы ажал — азалы үн!
Артында қанша күй қалды.
Басында сыңсып зарлы өлең,
Қия алмай елің қиналды.

Қайырмасы:

Жүлдені алған шын дарын,
Жүйрігім еді жоқ теңі.
Қазағым, сенің ұлдарың,
Талантты сондай көп пе еді?!

Қайырмасы.

1960 ж.

ОЯНШЫ, ДОСЫМ, ҰЙҚЫҢНАН

Бау. өңдете

Көк-те-мің кел-ді е-зің-нің Сы-зыл-тып

7 та-ғы си-қыр-лы өн, Көк-тем-дей е-ді

3 се-зі-мің, О-ян-шы, до-сым, ұй-қың

9 нан. Көк-тем-дей е-ді се-зі-мің, О-ян-шы,

17 до-сым, О-ян-шы до-сым ұй-қың-нан. rit.



ДОМБЫРАҒА ҚОЛ СОҚПА

Сөзі Абайдікі

Домбыраға қол соқпа,
Шымырлатып бір-бірлеп.
Жүрегім соқпа, қой тоқта,
Жас келер көзге жүр-жүрлеп.

Қайғылы көңілім қайдағы,
Бұрынғымды жаңғыртар.
Қайратты алып бойдағы,
Басымды қайғы қаңғыртар.

Онан да жылы жүзіңмен
Кел, жарым, қара, бетіме.
Жылы, тәтті жауап айт,
Іштегі қайғы, дертіме.

Іштегі ескі жалынды,
Сөндір жаңа қылықпен.
Сөйлесші жақсы жағымды,
Мендей көңілі сынықпен.

Күйлі, күйсіз бөйгеге,
Қажыды көңілім көп шауып.
Көп қинамай әр неге,
Енді семірт ем тауып!

1969 ж.

ДОМБЫРАҒА ҚОЛ СОҚПА

Орташа, өңдеті

Дом- бы- ра- ға қол соқ- па,

Шы- мыр- ла- тып бір - бір- леп. Жү-ре-гім.

соқ- па, кой тоқ- та, Жас ке-лер көз- ге

жүр - жүр- леп. Жү-ре-гім соқ- па, кой тоқ-

та, Жас ке-лер көз- ге жүр - жүр- леп.

СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН СОЛДАТТАР

Сөзі Сырбай Мәуленовтікі

Жаутандап қарап, дала тұр,
Көз жасын сүртіп жаңа бір.
Хабарсыз ұлын сұрауға
Жолыңды тосып ана жүр.
Қанша үйдің ұрлап адамын,
Қанша үйде сөніп қалды оттар.
Көрдің бе, ұлын ананың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кешікпей жарым келер деп,
Төрінен сайлап орынды.
Батысқа қарап елендеп,
Ару жүр тосып жолыңды.
Көтерді бәрін ауырдың
Азамат болып арды ақтар.
Көрдің бе, жарын арудың,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Кетерде солдат жарының
Ішінде қалған ана жыл.
Көкемді айтпай танырмын? —
Деп бір сәби бала жүр.
Қайырылмай қалай кетесің
Хабарсыз қалай ол тоқтар.
Көрдің бе, ұлдың көкесін,
Соғыстан қайтқан солдаттар?

Қаралы қағаз жіберіп,
Қаншама қайғы салды оқтар
Барады үнсіз түнеріп,
Соғыстан қайтқан солдаттар!

СОҒЫСТАН ҚАЙТҚАН СОЛДАТТАР

Балу өңдете

Жау-таң-лап қа-рал да-ла тұр, Көз жа-сым сүр-тіп

жа-на бір. Ха-бар-сыз ү-лын сү-рау-ға,

Жо-лын-ды то-сып а-на жүр. Қан-ша(үй)-дің

үр-лап а-ла-мын, Қан-ша(үй)-де сө-ніп қал-ды от

тар Көр-дің-бе ү-лын а-на-нын, Со-ғыс-тан

қайт-қан сол-дат-тар. Көр-дің бе ү-лын а-на-

нын, Со-ғыс-тан қайт-қан сол-дат-тар.

ТІРШІЛІК

Сөзі Мұса Асайыновтікі

Тіршілік, кейде сәби баладайсың,
Телегей егін өскен даладайсың.
Кейде сен, неге сонша сырт айналып,
Бір қойды бөле қырқып алалайсың.

Кейде сен, толқып жатқан теңіздейсің,
Күркіреп, күңіреніп жел іздейсің.
Адасқан құлынынан кер биедей
Қамыққан қағанақты емізбейсің.

Тіршілік бір сені ойлап сендетілем.
Зілзала басылмастай тербетілем.
Ажалға адамдарды алдырмашы,
Аттану қиын екен жер бетінен.

Ақ сағым шапқылайды саяқтайын,
Ақ боран ызыңдайды аяттайын.
Ұзартшы тірлігімді жарты күнге,
Бір-екі өлеңімді аяқтайын.

1992 ж.

ТІРШІЛІК

Орташа, толғай





Байкен Өшімов
ағасымен



Немересімен



Нұрғиса
Тілендиевпен
бірге.
Алматы, 1993 ж.

Әсет
Бейсеуовпен
бірге. Алматы,
1992 ж.



Ескендір
Хасанғалиевпен
бірге.
Жезқазған,
1968 ж.



К.Салықовтың
75 өлеңіне ән
шығарған сазгер
Мүбәрак
Шәкіровпен
бірге.





1-ші қатарда: (солдан) Шәміл Әбілтаев, Кәкімбек Салықов, Жаксыкелді Сейілов, Ахат Байбосынов. 2-ші қатарда: (солдан) Серік Оспанов, Жағыпар Әлімханов, Қайырбек.



Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Қ.Байбосынов К.Салықовпен сұхбаттасып отыр.



Әнші Махмут Тойкенов, сазгер Мұратхан Егінбаевтармен бірге.

Бурабайда
демалыста.



“Таң”
телеарнасында
Жаңа жылды
қарсы алу сәті.




Қызылжарлық
өнерпаздар
арасында.





Атақты әншілер Серік Оспанов, Қорабай Есенов
Кәкімбек Салықовтың отбасында ән салып отыр.



Ақан Серінің бейіті
Үкілі Ыбрай ауылынан
он шақырым жерде.

Кәкеңнің әндерін орындаушы Ғазиза Жүмекенова.



МАЗМҰНЫ

Сарыарқа	4
Кездесу мен қоштасу	6
Көкшетау	8
Сері күндер қайдасың?	10
Қызға қаз сауға	12
Қарағым, қандайсың?	14
Қамсақты	16
Жасқанып жүрмін баруға	18
Өзінді, сөулем, сағындым	20
Алты жасар аттасымның өлені	22
Қайдасың?	24
Аққу жеткен	26
Тимеші	28
Ақ бөпем	30
Оралға	32
Серіліктің атасы	34
Жетпіс ұлдың панасы	36
Саумалкөл	38
Кем көрмейміз тіріден	40
Бірлік туы Би-аға	42
Қорқамын	44
Нағима	46
Кербез Көкше	48
Көкірек жарған	50
Шөкірге	52
Есілге қонған аққулар	54
Күй тартамын	56
Аққу әні	58
Ақ қайың	60
Сағындым	62
Осынау өнге салғайсың	64
Орынбекке	66
Екеумізден кім тату?	68
Қақпақыл	70
Үкілі Ыбырай қайда жатыр екен?	72
Махаббат кімдерді сынамас?	74
Қайратқа	76
Жадымда жатқан бір жыр бар	78
Түн ортасы ауғанда	80
Ояншы, досым, ұйқыңнан	82
Домбыраға қол соқта	84
Соғыстан қайтқан солдаттар	86
Тіршілік	88

Көкімбек
САЛЫҚОВ

АҚҚУ ЖЕТКЕН

Кітап “ҮШ ҚИЯН” баспасының компьютер
орталығында теріліп, беттелді

Баспа директоры Махмут ҚОСМАМБЕТОВ

Редакторы Бақберген ТАБЫЛДИЕВ
Тех. редакторы Фарида ШЫНЫБЕКОВА

Теруге 07.05. 2002 жіберілді. Басуға 25.05. 2002 қол қойылды.

Пішімі 84х108 $\frac{1}{32}$. Қаріп түрі “Таймс каз”.

Көлемі 6 баспа табақ. Таралымы 1000 дана Тапсырыс №



Уш
Куян